

Шығыс-Азия туристік одағы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 мамыр 1993 ж. N 388. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Иран, ҚХР, Қырғызстан, Монғолия, Пәкістан, Өзбекстан және Қазақстан Республикасының арасындағы халықаралық туристік байланыстарды нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Иран, ҚХР, Қырғызстан, Монғолия, Пәкістан, Өзбекстан және Қазақстан Республикасы туристік кәсіпорындарының және ұйымдарының осы мемлекеттердің арасындағы халықаралық туристік байланыстарды дамыту жөніндегі Шығыс-Азия туристік одағын құру ШАТО-ның штаб-пәтері мен банкін Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласында орналастыру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Шығыс-Азия туристік одағына бірінші Ассамблея мен жәрмеңкені Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласында 1993 жылғы мамырдың 19-нан дейін өткізуге рұқсат етілсін.

3. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Шығыс-Азия туристік одағына Қазақстан Республикасының аумағында сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру құқы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және Ұлттық банкі Шығыс-Азия туристік одағының қызметі бойынша барлық өзара есеп айырысулардың соммен және тұрлаулы валютамен (шетел фирмаларымен - АҚШ долларымен, швейцар франкімен және неміс маркасымен) жүзеге асырылатынын еске алсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ішкі істер министрлігі Шығыс-Азия туристік одағына Қазақстан Республикасының аумағында есеп айырысу және валюталық шоттарын ашуына жәрдемдессін.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Шығыс-Азия туристік одағына баспа-ақпараттық қызметті ұйымдастыруға рұқсат етсін және жәрдем көрсетсін.

7. Алматы қаласының әкімі Шығыс-Азия туристік одағына қаланың орталық бөлігінен алаңы 100 шаршы метр уақытша үй-жай берсін және штаб-пәтер мен банктің құрылысын жүргізуге жер учаскесін бөлсін.

8. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Шығыс-Азия туристік одағын 15 абонентке арналған телефон байланысымен қамтамасыз етсін.

9. "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясының Шығыс-Азия туристік одағы үшін үш жеңіл автомобиль, бір микроавтобус және компьютерлік техниканың үш жиынтығын алсын.

10. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Шығыс-Азия туристік одағының республика аумағында халықаралық туристік байланыстарды дамытуға бағытталған халықаралық конгрестер, кеңестер, жәрмеңкелер және басқа шараларды өткізуіне барынша қолдау көрсетсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК